

«6D050800 – Есеп және аудит» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
 Жунисова Гульнар Ерикқызының «Стратегиялық басқару есебі мен талдау ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде»
 тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|----------|--|--|--|
| 1 | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | <p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарлама атауы)</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>Диссертациялық жұмыс қазіргі ғылыми сұраныстарға сай зерттеліп, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыстылық сақтай отырып орындалған. Солардың ішінен Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы және Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары баса назарға алынғандығын және олардың мақсат-міндеттерінің сабақтасып жатқандығын айтуға болады.</p> <p>Диссертация ғылым дамуының келесі басым бағыттарына сәйкес келеді: 1) «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының бірінші Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан; 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 3) Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»; Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.</p> |

| | | | |
|---|----------------------|--|--|
| 2 | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> . | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Диссертациялық жұмыста сипатталған әрбір ғылыми нәтиже тиісті негіздемелерге сүйенеді. Олардың шынайылығын ізденушінің атқарған еңбектері арқылы растауға болады: - автордың зерттеу жұмысының нәтижелері осы бағытта ізденіс жасаған көптеген экономист-ғалымдардың еңбектерін, тұжырымдарын талдау мен қорытынды жасау арқылы дәлелденген; - жұмыстағы ақпараттар Қазақстан Республикасы статистика жөніндегі Агенттігінің жылнамаларынан, Қаржы министрлігі мен Ұлттық банктің статистикалық бюллетендерінен алынған; - зерттеу тақырыбы бойынша жарық көрген бірнеше ғылыми мақалада жұмыстың ғылыми тұжырымдары баяндалған; - зерттеу нәтижелерінің шынайылығы оның еліміздегі ірі кондитерлік компаниялардың бірі «Баян-сұлу» АҚ қызметінде қолдануға енгізілгендігімен расталған. |
| 3 | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған | Ізденуші дербестік қағидасын сақтаған. Диссертацияда баяндалған жаңа нәтижелер экономикалық ғылымға жеке үлесін көрсетеді. Диссертация антиплагиат бағдарламасында тексерілді. Нәтижесінде жұмыстың бірегейлігі 94 %- ды көрсетті. |
| 4 | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | Ізденуші диссертация тақырыбының өзектілігін дәлелденген. Еліміздің әлемнің отыз ең дамыған мемлекеттердің қатарына ену стратегиялық курсы бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастырмай мүмкін емес екені белгілі. Ел Президенті Қ.К. Тоқаев та 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына жолдауында әртараптандырылған және технологияға негізделген экономика құру үшін бәсекеге қабілеттігімізді көрсететін артықшылығымызға және нақты мүмкіндіктерімізге сүйенуіміз керек екенін атап өткен болатын. Ал ол артықшылықтар мен мүмкіндіктерді анықтау үшін ұйым менеджментіне нақты, толық, икемді және ұзақ мерзімге бағдарланған ақпарат қажет. Стратегиялық басқару есебі мен талдау құралдарын ұйым қызметінде пайдалану менеджментті аталған ақпаратпен қамтамасыз ете алады. |

| | | |
|--|---|---|
| | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды. | <p>Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының тақырыбын толығымен айқындайды. Зерттеу жұмысы үш бөлімнен және әрқайсысы үш бөлімшеден тұрады. Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне жетуге бағытталған. Бірінші бөлімде стратегиялық басқару есебі мен талдаудың теориялық негіздері, екінші бөлімде ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында стратегиялық басқару есебін ұйымдастыру мен бюджеттеу ерекшеліктері қарастырылса, үшінші бөлімде стратегиялық басқару есебі мен талдауды жетілдіру жолдары зерделенген.</p> |
| | <p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. | <p>Кіріспеде берілген мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Мақсаты мен міндеттері жұмыстың негізгі нәтижелерінде көрініс тауып, барлық бөлімдерде бірізділік сақталғандығы байқалады. Зерттеу тақырыбының теориялық бөлімінде көтерілген сұрақтар кейінгі бөлімдерде өзінің жалғасын тапқан. Диссертацияның басты ерекшелігі – ізденуші алға қойылған міндет пен белгіленген мақсатқа әр бөлімде қайта оралып, олардың кеңінен ашылуына назар аударған.</p> |
| | <p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ | <p>Ізденушінің зерттеу жұмысы логикалық тізбекті сақтай отырып, ғылыми тілмен баяндалған. Диссертацияның ішкі біртұтастығы сақталған. Диссертация теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешуге бағытталған. Жалпы жұмыс «6D050800-Есеп және аудит» мамандығы бойынша жазылып, көбінесе ғылыми-тәжірибелік зерттеуге бағытталғанымен, жұмыстың теориялық бөлімі де терең зерттелінген. Диссертация экономикалық ғылымдардың дамуына оң әсер ететін жаңа теориялық қорытындылар мен тұжырымдамалардан да құралған.</p> |
| | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | <p>Бұрынырақ ұсынылған шешімдердің сыни талдауының негізінде ізденуші өз тарапынан, диссертациялық зерттеудің мазмұнын айқындайтын, тұжырымдамалар жасаған.</p> |

| | | | |
|---|-------------------------------------|---|--|
| 5 | Ғылыми жаңалық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75 % жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p> | <p>Диссертациялық жұмыста келтірілген ғылыми нәтижелердің жаңалығы жеткілікті деңгейде жаңа болып табылады. Автор ұсынған стратегиялық басқару есебінің анықтамасы, құралдарының жіктелуі мен олардың қолданудың ұйымның бәсекеге қабілеттілігіне әсерінің дәлелдеуі, стратегиялық шығындар жіктелуі мен олардың есебін жүргізу әдістемесі, ұйымның бәсекеге қабілеттілігін бағалау моделі және құрылымдық-логикалық моделі басқа отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде кездеспеген. Дегенмен, аталған нәтижелер басқа еңбектерге негізделгендіктен жартылай жаңа деп бағаланады.</p> |
| | | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Ізденушінің диссертациялық жұмысында тұжырымдалған әрбір қорытындылары жаңа және сенімді. Диссертациялық қорытындыларының сенімділік деңгейі арнайы бағдарламаларды қолдана отырып, сауатты түрде интерпритациялау, әртүрлі факторлардың сенімділігі мен жарамдылығының мәндерін тестілеумен байланысты.</p> |
| | | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа, негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p> | <p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Диссертациялық жұмыста келтірілген енгізу актілерімен расталады.</p> |
| 6 | Негізгі қорытындылардың негізділігі | <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> | <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Көптеген ғылыми дереккөздердің, оның ішінде шетелдік әдебиеттердің негізінде стратегиялық басқару есебі мен талдаудың теориялық-әдістемелік аспектілері зерттелеген. Қазақстандық кондитерлік ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігі бағаланып, оны стратегиялық басқару есебі құралдарының көмегімен арттыру бойынша тәжірибелік ұсыныстар жасалған. Қорытындылардың негізделуі зерттеудің кешенді жүргізілуімен де анықталған.</p> |

| | | | |
|---|--|--|---|
| 7 | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>Дәлелденді</u>;</p> <p>2) Шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> <p>Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> | <p>Ізденуші қорғауға бес негізгі тұжырымдама шығарып отыр:</p> <p>1) Стратегиялық басқару есебін ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде өзгешелігін нақтылайтын «Стратегиялық басқару есебі» ұғымына нақтыланған авторлық анықтама.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>Дәлелденді</u>;</p> <p>2) Шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> <p>Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> <p>2) Кондитерлік сала ұйымдарының бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға ықпалын тигізетін стратегиялық басқару есебі құралдарын пайдалану маңыздылығы анықталып, стратегиялық басқару есебі құралдарының жіктемесі;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>Дәлелденді</u>;</p> <p>2) Шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> |
|---|--|--|---|

- 1) иә;
2) жоқ.
7.3 Жаңа ма?

- 1) иә;
2) жоқ.
Қолдану деңгейі:

- 1) тар;
2) орташа;
3) кең.
7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) иә;
2) жоқ.

3) Кондитерлік сала ұйымдарындағы басқару шешімдерінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін стратегиялық шығындардың жіктемесі және олардың басқару есебіндегі ұйымдастырылу әдістемесі;

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

- 1) Дәлелденді;
2) Шамамен дәлелденді;
3) шамамен дәлелденбеді;
4) дәлелденбеді.

7.2 Тривиалды ма?

- 1) иә;
2) жоқ.
7.3 Жаңа ма?

- 1) иә;
2) жоқ.
Қолдану деңгейі:

- 1) тар;
2) орташа;
3) кең.
7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) иә;

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | <p>2) жоқ.</p> <p>4) SPSS 23.0 статистикалық пакеттік бағдарламасында ұйымның құнын бағалау әдістері негізінде жасақталған, бәсекеге қабілеттілігін кешенді бағалауға ықпал ететін стратегиялық басқару есебінің математикалық моделі;</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>Дәлелденді</u>;</p> <p>2) Шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>5) Ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру және арттыруға әсер ететін, жүргізілген зерттеудің нәтижесінде анықталған стратегиялық басқару есебі жүйесінің құралдарының өзара байланысы мен тәуелділігін сипаттайтын құрылымдық-логикалық моделі.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>Дәлелденді</u>;</p> <p>2) Шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> |
|--|--|--|--|

| | | | |
|---|--|--|--|
| | | | <p>4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p> |
| 8 | Дәйектілік принципі. Дереккөзедер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> | <p>Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдістер мен әдіснамалардың таңдауы негізделген. Таңдалған зерттеу әдістері қойылған мақсат пен міндеттерге және алынған нәтижелерге сәйкес келеді. Зерттеу үшін алынған сандық мәліметтердің қайдан алынғаны толық сипатталған.</p> |
| | | <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интеграциялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p> | <p>Зерттеу әдістемесінің ерекшелігі жұмыс нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми зерттеу мен компьютерлік технологиялар көмегімен ақпараттарды өңдеу және интеграциялау құралдарды пайдалана отырып орындалуында. Зерттеудің төртінші тұжырымдамасы етіп келтірілген математикалық модель SPSS 23.0 статистикалық пакеттік бағдарламасы арқылы құрастырылған.</p> |
| | | <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен</p> | <p>Стратегиялық басқару есебінің теориялық және әдістемелік мәселелерін зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының аумағында кондитерлік салада қызмет ететін ұйымдар мысалында талдамалық мәліметтермен дәлелденген.</p> |

| | | | |
|---|-------------------------------|--|--|
| | | дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> /ішінара расталған/расталмаған | Академиялық адалдылық қағидасы сақталған. Пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер жасалған. Ізденуші маңызды ой түйіндерді өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы растайды. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u> | Зерттеу жұмысында 183 әдебиет пайдаланылған. Оның ішінде отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер бар. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ | Теориялық-әдістемелік тұрғыдан диссертациялық жұмыс қызығушылық тударыды. Ізденуші ұсынған ұйымның бәсекеге қабілеттілігін бағалау моделі, сонымен қатар басқа қорытындылары жаңа зерттеу мақсаттарын қоюға негіз бола алады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ | Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар және нақты ұйым жұмысына енгізіліп қолданылған. Енгізу актісімен расталған. Сонымен қатар, оқу үрдісінде де сәтті қолдануға болады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Есеп және аудит» мамандығының (магистратура деңгейінде) оқу бағдарламасына «Стратегиялық есеп және талдау» курсына енгізілген. Енгізу актісімен расталған. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысында жасалған ұсыныстар «Баян сұлу» АҚ-ның стратегиялық шығындарын басқаруда, яғни олардың есебі мен талдауын ұйымдастыруда пайдалануға енгізілді. Г.Е.Жунисова ұсынған стратегиялық шығындарды есепке алу әдістемесі бұл шығындар негізінде қабылданатын басқару шешімдерінің тиімділігін арттырады. |

| | | | |
|----|---------------------------|--|--|
| 10 | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | Диссертациялық жұмыстың Академиялық жазу және ресімдеу сапасы жоғары. Жұмыс мемлекеттік тілде жоғары деңгейде және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес жазылған. |
|----|---------------------------|--|--|

Жунисова Гульнар Ерикқызының дайындаған «Стратегиялық басқару есебі мен талдау ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде» тақырыбындағы жұмысына оң пікір бере отырып, «6D050800 – Есеп және аудит» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің академиялық мәселелер бойынша департаменттің директоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор



Сатмурзаев А.А.